

"Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 301 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 133 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 тамызда № 5919 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 қазандағы № 57 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 57 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Орман кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Кодексінің 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 301 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5193 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 31 қазандағы № 164-165, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімінің қосымшасында:

8. "Дәрі-дәрмектік өсімдіктер және техникалық шикізат жинау және дайындау үшін төлем ставкалары" бөлімі кестесінде:

"1. "Жалаң мия" жолында "200" деген сан "62" деген санға өзгертілсін;

"2. "Сұңғыла" жолында "1480 деген сан "600" деген санға өзгертілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық мәслихатының
14 сессиясының төрағасы,
облыстық мәслихат хатшысы*

Н. Байқадамов